



# ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ



№34  
(2412)  
Сенбі  
16 мамыр  
2026 жыл  
Газет  
2003 жылдың  
5 қаңтарынан  
шығады



Аймақтық  
ақпараттық-  
танымдық  
басылым

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

### «ҰЛТТЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ – АНА» АТТЫ КЕЗДЕСУ КЕШІ

Елімізде мамыр айының екінші жексенбісі - Аналар күні мерекесі болып белгіленіп, ресми мереке ретінде аталып өтіліп келеді.

Әйтеке би кентіндегі «Руханият» орталығында аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың қатысуымен «Ұлттың ұйытқысы - ана» атты кездесу кеші өтті. Тағылымы мол басқосуға ардақты аналар, алтын құрсақты батыр аналар, қыз, келіншектер, түрлі салада еңбек етіп жүрген нәзік жандылар мен қоғам белсенділері қатысты.

Кездесуде аудан басшысы барша аналарды Аналар күні және алда келе жатқан Халықаралық отбасы күнімен құттықтап, ананың қоғамдағы орны, отбасы құндылығы мен ұлттық тәрбиедегі рөлі туралы кеңінен сөз қозғады.

- Ұлы дала кеңістігінде өздерін кемел көшбасшы, ақылды ел билеуші, көрнекті қайраткер, ержүрек батыр ретінде танытқан аналар аз емес. Барша қазақтың ортақ мақтаншы, сұлулық пен ерліктің, ізеттілік пен өрліктің символына айналған Тұмар ханым, Зарина патшайым, Гүлбаршын, Домалақ ана,



Құртқа, Айғаным мен Зеренің, ел басына қиындық түскенде кеудесін оққа байлаған Бопай ханым, Әлия, Мәншүк, Хиуаздың, ерен еңбектің үлгісі Сәлима Жұмабекова, Шырынкүл Қазанбаева, Зәкира Ержановалардың есімдері тарих беттерінде алтын әріптермен жазылып қалды. Сұлулық пен ерліктің символына айналған Бегім ана есімі ғасырлар қойнауынан жеткен аңыз болып тарихта қалды. Ал, несібесін жерден теріп, маңдай терімен елге үлгі болған Социалистік Еңбек Ері

Көлжан Оразалиева апамыз ерен еңбектің, табандылық пен төзімділіктің үлгісі. Сол секілді Қазалы топырағынан түлеп ұшып, ұлт руханиятын, өнерін, мәдениетін әлемге танытқан дара дарындар: Роза Бағланова мен Мәдина Ералиева сынды майталман тұлғаларымыздың Қазалы тарихындағы орны ерекше.

Бүгінгі мереке аясында ұйымдастырылған келелі кездесу сұлулық пен ізгіліктің бейнесі саналып, тұтас еліміздің дамуына ұйытқы болар қазақтың Анасы мен ұлттық

отбасылық құндылықтардың дамуына өз үлесін тигізеді деп ойлаймын. Барша аяулы аналарымызды бүгінгі мерекемен құттықтай отырып, шаңырақтарыңызға бақ-береке, жылы жүздеріңізге әрдайым қуаныш, дендеріңізге саулық тілеймін, - деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Шара аясында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жүрген еңбекқор аналар мен қыз, келіншектерге құрмет көрсетілді. Аналар қауымына аудан әкімінің мерекелік құттықтауы мен арнайы сыйсияпаттары және көпбалалы аналарға «Алтын алқа», «Күміс алқа» табысталды.

Мерекелік басқосуда аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш аналарға ізгі тілегін жеткізсе, аналар қауымы өзара пікір алмасып, отбасы құндылықтары, ұрпақ тәрбиесі, қоғамдағы әйелдердің рөлі жөнінде ой бөлісіп, мерекелік лебіздерін арнады.

Мерекелік кеште аудан өнерпаздары аяулы жандарға арнап, әсем әннен шашу шашып, ерекше көңіл-күй сыйлады.

### ТАЗА ҚАЗАҚСТАН: ҚАЗАЛЫДА САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛЫҚ, АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУДА

Қазалы ауданында Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асқан «Таза Қазақстан» акциясы аясында көктемгі санитарлық тазалық, абаттандыру, көркейту, көгалдандыру жұмыстары күнделікті ұйымдастырылуда.

Тазалық шарасына аудандағы мекемелермен кәсіпорындарының қызметкерлері белсенді түрде қатысып, Әйтеке би кентінің орталық көшелері мен шет аймақтарын, Т.Бөріқұлақов, Әйтеке би, Жанқожа батыр көшелерінің бойын, кіреберіс қақпа мен теміржол өткелі маңындағы аумақтарды қоқыстардан тазартты.

Экологиялық акцияны бір күндік науқан емес туған жердің тазалығына



жауапкершілікпен қарау деп түсінетін қазалылықтар көше бойында, аяқ су арықтарының ішіндегі ретсіз өскен шөптерден арылтып, гүл көшеттерін егіп, бағаналарды, жол белгілерін, орындықтарды, аялдамалар-

ды сырлады. Тазалық – баршамызға ортақ міндет. Сондықтан тазалық акциясы аясындағы жұмыстар аудан көлемінде жалғасатын болады.

**Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі**

●Баспасөз - 2026

### 2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары! Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2026 жылдың екінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін атап айтамыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

**Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы**

**АУДАН ӘКІМІ ТҮРҒЫНДАР ҰСЫНЫСЫМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАРДЫ БАҚЫЛАДЫ**

Әйтеке би кентінде тұрғындардың ұсыныс-пікірлері мен көтерген мәселелері кезең-кезеңімен шешімін тауып, ел игілігіне бағытталған бірқатар инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асуда. Осыған орай, аудан әкімі Алмасбек Есмаханов кент аумағындағы атқарылып жатқан жұмыстардың барысын көрді.

Алдымен аудан басшысы Желтоқсан және Счастнов көшелеріндегі көпқабатты тұрғын үйлердің ауласы мен автотұрақтарын жөндеу жұмыстарын көрді. Мұндағы негізгі мақсат – тұрғындарға қолайлы орта қалыптастырып, аулалардың инфрақұрылымын жақсарту.

Одан кейін Т.Сереев тұйығы мен Желтоқсан көшесіндегі №42 және №48 көпқабатты тұрғын үйлер ауласында салынып жатқан қоғамдық



әжетхана құрылысының барысын бақылады. Аталған жұмыстар тұрғындар тарапынан көтерілген ұсыныстар негізінде жүзеге асуда.

Сондай-ақ, аудан басшысы кент көшелерінде жаңадан салынып жатқан автобус аялдамаларының құрылысымен танысты. Қазіргі таңда Әйтеке

би кентінде 12 жаңа аялдама салынууда. Бұл жұмыстар тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Аудан әкімі «Мелиоратор» мөлтек ауданындағы көпқабатты тұрғын үйлер ауласында орналасқан спорт алаңындағы ағымдағы жөндеу

жұмыстарын көрді. Қазіргі таңда кентте 2 жаңа спорт алаңы салынып, 2 спорт алаңына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл өз кезегінде жастардың бұқаралық спортпен айналысуына және салауатты өмір салтын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Аудан басшысы құрылыс және жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатқан мердігер мекемелер қызметкерлеріне ең алдымен жұмыстың сапасына ерекше мән беруді тапсырды. Әрбір атқарылған жұмыс тұрғындар игілігіне ұзақ уақыт қызмет етуі қажет екенін айтты.

Аудан әкімі кентті аралағанда кент әкіміне аудан орталығындағы тазалық, көркейту, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарын тұрақты бақылауда ұстап, жүйелі түрде жүргізуде бірқатар нақты тапсырмалар жүктеді.

**● Хабарландыру**

2026 жылдың мамыр айының 18-і күні Әйтеке би кентінің солтүстік бөлігінде 2497-ші шақырымының 5-ші пикетінде орналасқан күзет темір жол өткелінде ағымдағы жол жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Осыған байланысты, 2026 жылдың мамыр айының 18-і күні жергілікті уақытпен сағат 8:00 ден 17:00 ге дейін бұл өткел автокөліктің барлық түрлерінің өтуі үшін толығымен жабық болады.

Сондай-ақ, мекемелер мен кәсіпорындарының басшылары, автокөлік жүргізушілері бұл жәйді ескергені жөн.

Жұмыс барысына байланысты көрсетілген уақыттардың өзгеруі мүмкін.

**Қазалы жол дистанциясының әкімшілігі**

**МЕЙІРБИКЕЛЕР КҮНІНЕ ОРАЙ МЕРЕКЕЛІК ШАРА ӨТТІ**

Әйтеке би кенттік мәдениет үйінде өткен «Мейірім – мамандық емес, жүректің қасиеті» атты мерекелік шараға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, қадірлі мамандық иелерін мерекемен құттықтады.



-Мейірбике – адам жанына шипа сыйлайтын, науқастың көңіліне үміт ұялататын ең қадірлі мамандықтардың бірі. Адам өміріне араша түсіп, сырқат жанның жанынан табылу – үлкен жүректілікті, мейірімділікті пен төзімділікті талап етеді.

Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде денсаулық сақтау саласын жаңғырту, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру бағытында жүйелі реформалар жүзеге асырылып келеді. Соңғы үш жылда ауданға қарасты «Бозкөл», «Кәукей», Абай ауылдарында «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 3 бірдей дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілсе, «Жалпақ» және «Жұбан» елді мекендерінде жаңа медициналық бекеттер ашылды. Өткен жылы «Бекарыстан би», «Болат жолы» дәрігерлік амбулаторияларының ғимараттарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Елді мекендердегі денсаулық сақтау ұйымдарына 26 дана жедел жәрдем автокөлігі табысталып, ауданды

санитарлық автокөлікпен қамту мәселесі толыққанды шешілді. Аудандық көпбейінді орталық аурухананың жанынан Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес құны 1 миллиард 810 миллион теңге болатын, 42 төсектік кардиология және

инсульт орталығы іске қосылды. Аталған орталықта биыл ақпан айында құны 326 миллион 699 мың теңге болатын заманауи компьютерлік томография аппараты іске қосылса, биыл орталыққа заманауи МРТ медициналық құрылғысын орнату жоспарланып отыр. Мұның барлығы аудан халқы үшін ғана емес, жалпы өңір медицинасы үшін үлкен жетістік, - деді аудан басшысы.

Халықаралық мейірбикелер күніне орай өткізілген мерекелік шарада еселі еңбегімен аудан тұрғындарының денсаулығын жақсарту мен аудан медицинасының дамуына елеулі үлес қосып жүрген бірқатар мейіргер мен мейірбикелерге Қазалы ауданының ең жоғары марапаты – Құрмет грамотасы мен аудан әкімінің «Алғыс хаты» табысталды.

Мерекелік шара соңында денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне арнап аудан өнерпаздары концерттік бағдарламасын ұсынып, мерекелік ерекше көңіл-күй сыйлады.

Айта кетейік, бүгінде аудандағы медицина саласында 1000-нан астам мейіргер мен мейірбикелер аудан халқына қалтқысыз қызмет етіп келеді. Қаншама адамның жанына дауа, тәніне шипа болардай ем тауып, өміріне араша түсіп жүрген ақ халатты жандардың еңбегі зор құрметке лайық.

**Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі**

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ**

Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі, Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті, Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінде 8 (724 38) 22-1-51 сенім телефоны жұмыс істейді. Сонымен қатар, жоғарғы тұрған орган – Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаментінің 8 (7242) 24-40-76 сенім телефонын назарларыңызға ұсынамыз.

«Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2026 жылдың ІІ – тоқсанында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы, аты - жөні	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның мекен – жайы, қызметтік телефоны
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау полковнигі Калиев Алтынбек Сауытбекович	Әр аптаның жұма күні сағат 10.00-12.00 сағат 15.00-18.00	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Төрешұрат жырау көшесі, №16 8(724 38) 22-1-51

## ТҰҚЫМБАҚТАРДЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Арал теңізінің құрғаған ұлтанындағы 1 млн. 100 мың гектар жерге бес жыл ішінде сексеуіл егу жөніндегі тапсырмасы жоспарға сәйкес орындалуда.

Бүгінде өңірде сексеуіл көшеттерін дайындау үшін орман шаруашылығы мекемелерінде уақытша тұқымбақ ұйымдастырылған. Одан бөлек, Дүниежүзілік банктің қаржыландыруымен 2024 жылы Қазалы ауданында 441 млн. теңгеге аумағы 33,5 гектар тұқымбақ салынып, пайдалануға берілген болатын.

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының орынбасары Мақсат Елемесов Арал теңізінің құрғаған ұлтанында жүргізіліп жатқан орман-мелиорациялық шаралардың жүзеге асу барысын көріп, сексеуіл көшеттерін егу жұмыстарымен танысу мақсатында өңірге жұмыс сапарымен келді.

Мақсат Мұратұлы өңірге жұмыс сапарын Қазалы ауданындағы сексеуіл көшеттерін егумен айналысатын тұқымбақтардың жұмысымен танысуымен бастады.

Ауданға келген жұмысшы топ өкілдері аудан әкімі



Алмасбек Есмахановпен бірге Қазалы қаласындағы «Республикалық орман селекциялық тұқым өсіру орталығы» РМҚК Оңтүстік-батыс аймақ филиалының және Қазалы орман мекемесінің тұрақты тұқымбақтарының жұмысымен танысты.

«Республикалық орман селекциялық тұқым өсіру орталығы» РМҚК Оңтүстік-батыс аймақ филиалы 2011 жылы пайдалануға берілген. Мұнда таулы аймақтарда өсетін айлант, катальпа, туя секілді сәндік 10 түрлі ағаш көшеттері жерсіндіріліп, ал жеміс ағаштарынан 5 түрлі ағаш көшеттері өсірілуде. Арал теңізінің құрғаған табанына отырғызылатын сексеуіл көшеттері осы

жерде дайындалады. Мәселен, өткен жылдың күзінде 3,33 гектар аумаққа сексеуіл тұқымы себілген. Қазіргі таңда сексеуілдің шығымдылығы жақсы. 3,33 гектар жерде 1 миллионнан астам дана сексеуіл өсіп тұр. Биыл күзде тұқымбақта 5 гектар жерге сексеуіл көшетін егу жоспарланып отыр.

Қазалы ауданында 2024 жылы Дүниежүзілік банк қаржысы есебінен 33,5 гектар аумаққа жаңа тұқымбақ салынды. Жобаның жалпы құны 440,7 млн теңгені құраса, арнайы техникалар сатып алуға қосымша 179 млн теңге бөлінген. Мұнда сексеуіл және өзге де ағаш көшеттері өсіріліп, Арал теңізінің құрғаған ұлтанындағы орман-

мелиорациялық жұмыстарға пайдаланылуда. Көшеттерді суаруда арнайы технологиялар қолданылуда.

Тұқымбақ аумағындағы 10 гектар жерге күз айларында сексеуіл тұқымы себіліп, көктемде 3 миллион дана сексеуіл көшеттері жиналып, Арал теңізінің құрғаған ұлтанына отырғызылады. Сондай-ақ, мұнда сәндік ағаштар мен жеміс ағаштары жыл сайын тұрақты егіліп отырады. Қазіргі таңда аталған тұқымбақта жергілікті жерден 45 адам жұмыспен қамтылған.

Ауданға келген арнайы топтың жұмыс сапары кезінде Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Ғалымжан Еркебай, Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының басшысы Марат Нұрмағамбетов, «Республикалық орман селекциялық тұқым өсіру орталығы» РМҚК бас директоры Әліби Ғазиз және Ә.Н. Бөкейхан атындағы Қазақ орман шаруашылығы және агроорманмелиорация ғылыми-зерттеу институтының облыстық филиалының директоры Самалбек Қосанов бірге жүрді.

**Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі**

## «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫНА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМДЕР ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

15 мамырдан бастап «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауына өтінім қабылдау ресми түрде басталды!

Бұл байқау жылдар бойы қалыптасқан ізгі дәстүрге айналған, отбасылық құндылықтарды насихаттап, елге үлгі болар жанұяларды қолдауға бағытталған жоба.

Байқаудың мәні неде?

«Мерейлі отбасы» – еңбекқорлықты, үлкенге құрметті, Отанға сүйіспеншілікті және білімге құштарлықты ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келе жатқан отбасыларды анықтайды. Бұл өзара түсіністік пен сыйластық салтанат құрған мықты отбасылар туралы байқау.

Конкурсқа қатысу үшін өтінім келесі құжаттармен бірге аудандық комиссияға 15 мамырдан бастап қағаз немесе электрондық нұсқада мынадай құжаттармен қоса беріледі:

1. ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке



басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;

2. асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін жергілікті уәкілетті органның көмелетке толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінен үзінді көшірме;

3. неке қию туралы куәліктің көшірмесі;

4. ата-аналарының біреуі

қайтыс болған жағдайда қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);

5. баланы тәрбиелегені үшін мадақтаулардың, белгілі бір жетістіктері үшін алған мадақтаулардың бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

6. заңды және (немесе) жеке тұлғалардың ұсыным хаттары (кемінде екеу);

7. отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік,

ғылымижоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

8. қоғамдық пайдалы қызметке (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) (бар болса) қатысуды растайтын құжаттардың көшірмелері.

Ұсынылатын құжаттардың көшірмелерін отбасылар ұсынған түпнұсқалар негізінде аудандық комиссияның төрағасы куәландырады.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына қатысу үшін 2026 жылғы 15 мамырдан 15 маусымға дейін өтінімдер Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхаммедұлы көшесі, 130, Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімінде қабылданады.

Толық ақпарат алу үшін 79-2-80, (6921, 6924). Құжаттарды қабылдаудың соңғы күні 2026 жылдың 14 маусымы.

● Қазанама

## АУДАНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ САУЫҚТЫРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАЗ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ

Қазалы қаласында орналасқан «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орталығы 1 маусымда жұмысын бастайды. Қазіргі таңда жазғы маусымға дайындық қолданыстағы "Балаларды сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушысының 2022 жылғы 10 тамыздағы № ҚР ДСМ-78 бұйрығына сәйкес жүргізіліп келеді.

Балалардың денсаулығы – басты басымдықтардың бірі. Осыған байланысты сауықтыру ұйымдары санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сай дайындалып жатыр. Медициналық пункттер талаптарға сәйкес медициналық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етіліп, алғашқы көмек көрсету үшін кәсіби медициналық қызметкерлер: дәрігер, мейіркештер, тіс дәрігерлері бұйрыққа сәйкес бекітіліп, жергілікті емдеу мекемелерімен өзара іс-қимыл ретке келтірілуде.

Медициналық қамтамасыз ету бойынша:

1) балалардың сырқаттанушылығын төмендетуге және денсаулығын нығайтуға бағытталған сауықтыру іс-шараларының кешенді жоспарын әзірлеу;

2) ауыз су режимі мен тамақтануды тексеру;

3) үй-жайлардың, аумақтың, суға шомылу және спортпен шұғылдану орындарының дайындығына тексеру жүргізіліп, күнделікті бақылап отыруы тиіс.

Сонымен қатар, асхана блогында аспазшыларға тамақ дайындау технологияларын түсіндіру, қағида талаптарына сай жеке бас гигиенасын сақтау жолға қойылып келеді. Жыл сайын балалардың қауіпсіздігінің алдын алуға, жаппай тағамнан улану және жіті ішек инфекциясының алдын алуда семинарлар ұйымдастырылып, түсіндірмелер, әдістемелік көмек көрсетіліп отырады. Басқарма тарапынан 4 мамыр күні нысанның сапалы дайындығы бойынша санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды берілді.

2026 жылғы жазғы сауықтыру маусымына дайындық барлық деңгейде үйлестірілген, кешенді жұмыстарды қамтиды. Басты мақсат – балалардың денсаулығын сақтап, олардың жақсы демалуына үлесімізді қосып, әртүрлі инфекциялық, паразиттік аурулардың алдын алу және болдырмау мақсатында жұмыстар үзіліссіз жүргізілетін болады. Сонымен қатар, сауықтыру мекемелері арқылы балалар пайдалы әрі қауіпсіз демалыспен қамтылып, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиеленеді.

**Гүлвира МДУАРОВА,**  
Қазалы аудандық санитариялық-  
эпидемиологиялық бақылау  
басқармасының  
бөлім басшысы



Осы жылы 15 мамырда ауданымызға есімі белгілі азамат Ерқосай Қабылов 85 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Теміржол саласының ардагері Ерқосай Әбдікәрімұлы Қабылов 1941 жылы 5 желтоқсанда Қызылорда облысы, Қазалы ауданында дүниеге келген. Ташкент теміржол транспорт

## ЕРҚОСАЙ ҚАБЫЛОВ

инженерлері мамандарын даярлайтын институтты бітірген. Мамандығы инженер-механик. Еңбек жолын 1964 жылы Қазалы вагон депосында вагон қабылдаушы болып бастап, 35 жыл депо бастығының жөндеу жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды. Ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. «ҚР Құрметті теміржолшы» атағын алды. «Қазақстан теміржолы» ұлттық компаниясының «Құрмет грамотасымен», «Қазақстан теміржолына – 100 жыл» медалімен марапатталған.

Ерқосай аға ақынжанды азамат, оқыған, тоқығаны мол, батағой ақсақал еді. Оны Қазалының әрбір азаматы құрметтеп, сыйлайтын. Ол үш ұл, 3 қыз тәрбиелеп өсірген ардақты әке еді. Қыздары

мамандықты мамандықты таңдаса, ұлдары теміржолшы, басқа да мамандықтың иелері атанды.

Ерқосай ағамыз ертеректе аудандық газеттің белсенді авторларының бірі болды. Оның мақалалары мен өлеңдері баспасөз беттерінде жиі жарияланып, оқырмандардың сүйіспеншілігін ебеленді. Осындай абзал азаматтан, ардақты ақсақалдан мәңгіге айрылып қалуымыз газет редакциясы ұжымын да қапаландырды.

Ардақты аға, жаны жайсаң азамат, елге қадірлі ақсақалдың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Жұмақтың төрінен орын алсын.

**Аймақтық  
«Тұран-Қазалы» газеті  
редакциясының ұжымы**

## СУҒА ШОМЫЛУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

Суға шомылу маусымы кезінде сунисандарында қайғылы жағдайды болдырмау мақсатында Сырдария жағалауында профилактикалық іс-шаралар кешені күн сайын жүргізілуде. Құтқарушылардың негізгі міндеті суға бату жағдайын болдырмау, тәуліктің кез-келген уақытында барлық қатерге ұшыраған адамдарға көмек көрсету. Алайда, жүргізіліп жатқан профилактикалық іс-шараларға қарамастан, адамдар судағы қауіпсіздік шараларын елемейде. Демалушы-

лармен сұхбат жүргізіліп, судағы қауіпсіздік шараларын елемей адам өміріне қауіпті екенін ескертіп, суға бату кезінде зардап шегушіге алғашқы медициналық көмек көрсету түрлері көрсетілді. Белгіден асып жүзуге болмайтындығы туралы ауызша ескертілді. Шын мәнінде су қоймаларында демалушылардың қауіпсіздігі құтқарушыларға байланысты. Суға батып кетушілердің санын артырып тұрған статистиканы бәсеңдету үшін және өз жаныңызды аман сақтап қалу үшін не істеу

керек? Қандай ережелер мен қағидаларды білген жөн?

Суға шомылудың қауіпсіздік шаралары:

- Суға шомылатын жерді, жалпы жағдайды, судың тазалығын, тереңдігін мұқият тексеріп алыңыз.

- Тамақ ішкеннен кейін бірден шомылмаңыз.

- Суға тек қана рұқсат етілген орындар мен жағажайларда шомылыңыздар.

- Өте ұзақ шомылмаңыз, өзіңізді шаршауға және тоңып қалтырауға дейін жеткізбеңіз.

- Суға түскенде бір-біріңізді көзден таса қылмаңыз.

- Қоршау белгілерінен тысқары аумаққа шықпаңыз.

- Техникалық ескерту белгілерінің, буйлардың және басқалардың үстіне шығушы болмаңыздар.

Есте сақтаңыздар! Судағы апаттан қорғанудың ең сенімді жолы - суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау.

**Қазалы ауданының  
қоғамдық даму бөлімі**



Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**ДИРЕКТОР**  
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

**БАС РЕДАКТОР**  
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан  
Республикасының Ақпарат  
Министрлігінде 2004 жылғы  
15 наурызда тіркеліп, №4801-г  
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.  
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.  
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.  
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.  
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.  
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.  
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Е-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.